

"Нұр-Сұлтан қаласы  
әкімдігінің "Әлихан Бөкейхан  
атындағы №76 мектеп-лицей"  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное  
коммунальное предприятие на  
праве хозяйственного ведения  
"Школа-лицей №76 имени  
Алихана Бөкейхана" акимата  
города Нур-Султан

Қазақстан Республикасы, 010000,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,  
Түркістан көшесі, 10/1 ғимарат

Республика Казахстан, 010000,  
город Нур-Султан, район Есиль,  
ул. Түркістан, здание 10/1

№ 055  
" 05 " 09 2022 ж.

### БҰЙРЫҚ №

#### Ақылы білім беру қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) ұсыну туралы

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 28 шілдедегі Заңның 63-бабаының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі №1102 «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесін бекіту туралы» қаулысына және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ 2017 жылғы 14 желтоқсанда №771 «Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жүзеге асыратын жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы білім беру қызметтерін (жұмыстар, тауарлар) ұсыну туралы» бұрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК мемлекеттік білім беру мекемелері жүзеге асыратын жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы білім беру қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) ұсыну іске асырылсын
2. Ақылы білім беру қызметтерін (тауарлар, жұмыстар) ұсынуда төмендегі құжаттар басшылыққа алынсын:
  - 2.1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі №1102 «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесін бекіту туралы» қаулысы;
  - 2.2 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсанындағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы;
  - 2.3 Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 25 мамырдағы №215 «Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталған

мемлекеттік мекемелердің оларды өткізуден түскен ақшасы өзінің иелігінде қалатын тауарлары (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) тізбесінің сынныптауышын бекіту туралы» бұйрығы.

3. «Астана қаласы әкімдігінің «Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК қосымша ақылы білім беру қызметін көрсету туралы ережеге сәйкес ұйымдастырылсын.
4. Қамқоршылық кеңестің келісімімен ақылы негізде көрсетілген қызметтер тізімі бекітілсін (қосымша-2) және ата-аналар таныстырылсын.
5. Ақылы білім беру өызметінің тиімді және талапқа сай ұйымдастырылуын қадағалау қосалықы білім беру бойынша менеджер А.А. Кайсаеваға жүктелсін.
6. Ақылы білім беру қызметі бойынша педагог қызметкерлерімен қосымша келісім рәсімделсін.
7. Аталған бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



**Б. Сейдеш**